

## Қазығұрт ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 1 қаулысы және Түркістан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 44/283-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 мамырда № 5047 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, ауданның жер қатынастары мен құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімдерінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазығұрт ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазығұрт аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазығұрт ауданы бойынша:

1) Қарабау ауыл округі, Қарабау елді мекенінің барлығы 119,89 гектар жеріне 10,0 гектар жайылым жер қосылып, Қарабау елді мекенінің аумағы 129,89 гектарға;

2) Қарабау ауыл округі, Жұмысшы елді мекенінің барлығы 173,04 гектар жеріне 7,0 гектар жайылым жер қосылып, Жұмысшы елді мекенінің аумағы 180,04 гектарға;

3) Қ.Әбдәлиев ауылдық округі, Рабат елді мекенінің барлығы 393,71 гектар жеріне 10,0 гектар жайылым жер қосылып, Рабат елді мекенінің аумағы 403,71 гектарға;

4) Шарбұлақ ауыл округі, Шарбұлақ елді мекенінің барлығы 428,18 гектар жеріне 36,60 гектар жайылым жер қосылып, Шарбұлақ елді мекенінің аумағы 464,78 гектарға;

5) Тұрбат ауыл округі, Өндіріс елді мекенінің барлығы 255,81 гектар жеріне 7,70 гектар жайылым жер қосылып, Өндіріс елді мекенінің аумағы 263,51 гектарға;

6) Шарапхана ауыл округі, Бақабұлақ елді мекенінің барлығы 45,90 гектар жеріне 3,0 гектар жайылым жер қосылып, Бақабұлақ елді мекенінің аумағы 48,90 гектарға;

7) Шарапхана ауыл округі, Талдыбұлақ елді мекенінің барлығы 65,96 гектар жеріне 12,0 гектар жайылым жер қосылып, Талдыбұлақ елді мекенінің аумағы 77,96 гектарға;

8) Жаңабазар ауыл округі, Тілектес елді мекенінің барлығы 121,22 гектар жеріне 48,0 гектар жайылым жер қосылып, Тілектес елді мекенінің аумағы 169,22 гектарға;

9) Жаңабазар ауыл округі, Жылыбұлақ елді мекенінің барлығы 95,30 гектар жеріне 25,0 гектар жайылым жер қосылып, Жылыбұлақ елді мекенінің аумағы 120,30 гектарға;

10) Алтынтөбе ауыл округі, Қарабау елді мекенінің барлығы 17,65 гектар жеріне 3,0 гектар жайылым жер қосылып, Қарабау елді мекенінің аумағы 20,65 гектарға;

11) Алтынтөбе ауыл округі, Қосағаш елді мекенінің барлығы 133,51 гектар жеріне 8,0 гектар жайылым жер қосылып, Қосағаш елді мекенінің аумағы 141,51 гектарға;

12) Алтынтөбе ауыл округі, Алтынтөбе елді мекенінің барлығы 182,82 гектар жеріне 8,0 гектар жайылым жер қосылып, Алтынтөбе елді мекенінің аумағы 190,82 гектарға;

13) Жігерген ауыл округі, Айнатас елді мекенінің барлығы 91,0 гектар жеріне 10,40 гектар жайылым жер қосылып, Айнатас елді мекенінің аумағы 101,40 гектарға;

14) Жігерген ауыл округі, Қызылбұлақ елді мекенінің барлығы 80,95 гектар жеріне 30,0 гектар жайылым жер қосылып, Қызылбұлақ елді мекенінің аумағы 110,95 гектарға ;

15) Жігерген ауыл округі, Дихан елді мекенінің барлығы 119,04 гектар жеріне 25,0 гектар жайылым жер қосылып, Дихан елді мекенінің аумағы 144,04 гектарға;

16) Жігерген ауыл округі, Тесіктөбе елді мекенінің барлығы 183,73 гектар жеріне 62,0 гектар жайылым жер қосылып, Тесіктөбе елді мекенінің аумағы 245,73 гектарға ұлғайтылып, шекаралары өзгертілсін.

2. "Қазығұрт аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы және шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен қаулы және шешім мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен қаулы және шешімді Қазығұрт аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Сессия төрағасы*

*Мәслихат хатшысы*

*Т. Телгараев*

*С. Батырбаев*

*У. Копеев*